



БҰЙРЫҚ

31.01.2024 м

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 189

город Уральск

**«Туған өлкемді зерттеймін» облыстық
ғылыми – зерттеу конференциясын
өткізу туралы**

Білім басқармасының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыра отырып, экологиялық білімді насихаттау, шығармашылық зерттеу белсенділіктерін дамыту және қолдау, табиғатты зерттеу жұмыстарына тартып, позитивті көзқарастарын қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 22 ақпан күні облыстық экологиялық - биологиялық орталығы «Туған өлкемді зерттеймін» облыстық ғылыми – зерттеу конференциясын өткізсін.
2. Облыстық конференцияның ережесі, ұйымдастыру комитеті, қазылар құрамы, шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4-ші қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің, облыстық білім беру мекемелерінің басшылары оқушыларды облыстық конференцияға қатысуын қамтамасыз етіп, тағайындалған жауапты жетекшілер конференция кезінде және жол жүруде қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қатаң бақыласын.
4. Облыстық экологиялық - биологиялық орталығы (Ф.Кержикова) облыстық конференцияны өткізу мен әзірлік жұмыстарын ұйымдастыруды, марапаттауды қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Л. Батырғалиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а

Б.Насимуллин



007269

«Туған өлкемді зерттеймін» облыстық ғылыми - зерттеу конференциясын өткізу туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

Облыстық ғылыми-зерттеу конференциясының негізгі мақсаты мен міндеттері:

- оқушылардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру және экологиялық білімді насихаттау;
- балалардың шығармашылық зерттеу белсенділіктерін дамыту және қолдау;
- оқушыларды табиғатты зерттеу жұмыстарына тартып, позитивті көзқарастарын қалыптастыру;
- дарынды оқушыларды анықтау.

2. Өткізу мерзімі мен орны

2.1. «Туған өлкемді зерттеймін» облыстық ғылыми - зерттеу конференциясы 2024 жылдың 22 ақпан күндері өткізіледі.

2.2. Облыстық ғылыми – зерттеу конференциясына жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей, облыстық мекемелер, қосымша білім беру орталықтарының оқушылары қатыса алады. Зерттеу жұмыстары оқушының жас ерекшелігіне сай болуы тиіс.

2.3. Ғылыми - зерттеу конференцияға қатысу туралы сұранысты және жұмыстарын 2024 жылдың 16 ақпан дейін detzoo@mail.kz поштасына жіберілуі тиіс. Байланыс телефоны 50-47-97. Өтетін орны: КазИИТУ, М.Мәметова көшесі 81,

21 ақпан – қатынасушылардың келу күні;

22 ақпан – конференция жұмысы;

23 ақпан – конференцияға қатынасушылардың қайту күні.

3. Ғылыми - зерттеу конференциясына қатысушылар

3.1. Ғылыми – зерттеу конференциясына 7-10 сынып оқушылары қатысады. Алдыңғы 3 жылдың жеңімпаздары және жасалған жұмыстар байқауға қатыса алмайды. Аудан, қала білім бөлімі басшыларының қолымен бекітілген сұраныстар қабылданады телефон нөмірлері толық жазылу керек.

3.2. Қатысушылар өтінім төмендегі кесте бойынша толтырылады.

«Туған өлкемді зерттеймін» облыстық ғылыми - зерттеу конференциясына қатысуға өтінім

Орындаушының Т.А. (құжатқа сәйкес)	Туған күні, жылы	Білім беру ұйымы, сынып	Ауданы, мекен-жайы, электр. пошта, телефон	Жұмыстың аталуы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны, электрондық поштасы

4. Ғылыми - зерттеу конференциясы келесі номинациялар бойынша өтеді:

1.«Флора экологиясы» номинациясы - Батыс Қазақстан облысының флорасына қоршаған орта мен антропогендік факторлардың әсері, өсімдіктер әлемін қорғау. Жалпы өсімдіктер әлемін зерттеу, көбейту тәсілдері. Зерттеу жұмысында жергілікті жердің флорасы зерттелген болуы қажет және кем дегенде 1 жыл немесе одан да көп зерттелген болу керек. Ғаламтор желісінен алынған және рефераттық жұмыстар қабылданбайды. (Әр ауданнан 1 қатысушы, қаладан 3 қатысушы).

- «Флора экологиясы» номинациясының бағалау критерийлері:

- зерттеу жұмысының мақсаттарына сәйкестігі;
- ғылыми және арнайы зерттеу әдістері мен әдістерін қолдану;
- креативтілігі; жаңашылдығы;
- сапасы, эстетика;
- идея мен дамудың өзіндік ерекшелігі.
- жұмыстың дәлелділігі мен сенімділігі;
- материалды баяндау, меңгеру, жүйелілік;
- жұмыс авторының зерттеу жүргізуде және практикалық жұмыстарды іске асыруда өзінің үлес қосу дәрежесі.

Жобаны қорғау 2024 жылғы 22 ақпанда сағат өтеді. Қорғау уақыты 5 минут.

2.«Фауна экологиясы» номинациясы - экологиялық факторлардың жануарларға әсері, жануарлар әлемін қорғау, аймақтағы жануарлардың түр - тұқым құрамын зерттеу, жануарларды өсірудің, қолда асыраудың ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу жұмысында жергілікті жердің фаунасы зерттелген болуы қажет және кем дегенде 1 жыл немесе одан да көп зерттелген болу керек. Ғаламтор желісінен алынған және рефераттық жұмыстар қабылданбайды. (Әр ауданнан 1 қатысушы, қаладан 3 қатысушы).

Жобаны қорғау 2024 жылғы 22 ақпанда сағат өтеді. Қорғау уақыты 5 минут.

- «Фауна экологиясы» номинациясының бағалау критерийлері:

- зерттеу жұмысының мақсаттарына сәйкестігі;
- ғылыми және арнайы зерттеу әдістері мен әдістерін қолдану;
- креативтілігі; жаңашылдығы;
- сапасы, эстетика;
- идея мен дамудың өзіндік ерекшелігі.
- жұмыстың дәлелділігі мен сенімділігі;
- материалды баяндау, меңгеру, жүйелілік;
- жұмыс авторының зерттеу жүргізуде және практикалық жұмыстарды іске асыруда өзінің үлес қосу дәрежесі.

3.«Экология және біз» номинациясы - қоршаған орта факторларының адам денсаулығына әсері, ластанған ауа, су, БҚО топырағы, БҚО өндірістік, химиялық, радиациялық қалдықтары және т.б. Ғаламтор желісінен алынған

және рефераттық жұмыстар қабылданбайды. (Әр ауданнан 1 қатысушы, қаладан 3 қатысушы).

Жобаны қорғау 2024 жылғы 22 ақпанда сағат өтеді. Қорғау уақыты 5 минут.

- «Экология және Біз» номинациясының бағалау критерийлері:

- зерттеу жұмысының мақсаттарына сәйкестігі;
- материалдардың практикалық құндылығы;
- креативтілігі; жаңашылдығы;
- сапасы, эстетика;
- тақырыптың номицияға сәйкестігі;
- әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуде негізгі әдістерді, принциптерді және мүмкіндіктерді есепке алу;
- жұмыс авторының зерттеу жүргізуде және практикалық жұмыстарды іске асыруда өзінің үлес қосу дәрежесі;
- идея мен дамудың өзіндік ерекшелігі.

4.«Жайық өзенінің экологиясы» номинациясы – Жайық өзенінің қазіргі таңдағы проблемасын көрсете отырып, шешу жолдарын ұсыну. Проблеманы шешу жолдарында глобалдық мәселе алмай әр оқушының өз жасына сәйкес ойларын көрсету қажет. (Әр ауданнан 1 қатысушы, қаладан 3 қатысушы).

Жобаны қорғау 2024 жылғы 22 ақпанда өтеді. Қорғау уақыты 5 минут.

«Жайық өзенінің экологиясы» номинациясының бағалау критерийлері:

- зерттеу жұмысының мақсаттарына сәйкестігі;
- материалдардың практикалық құндылығы;
- креативтілігі; жаңашылдығы;
- сапасы, эстетика;
- тақырыптың номицияға сәйкестігі;
- әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуде негізгі әдістерді, принциптерді және мүмкіндіктерді есепке алу;
- жұмыс авторының зерттеу жүргізуде және практикалық жұмыстарды іске асыруда өзінің үлес қосу дәрежесі.
- идея мен дамудың өзіндік ерекшелігі.

4.2.Ғылыми - зерттеу конференция арқылы оқушылар еліміздің жарқын болашағы мен дамуы туралы өз көзқарастарын, өз ойларын жеткізе білулері керек.

4.3.Әрбір жұмысқа жетекші және арнайы маман таңдап алынған тақырып тұтастығы, автордың қосқан жеке үлесі, жетістіктері және кемшіліктері туралы жазған пікірі қоса ұсынылуы керек.

4.4.Ғылыми - зерттеу конференцияның қорытынды кезеңінде зерттеу жұмысыңызды қорғау үшін сізге көрнекі материалдар, сызбалар, суреттер немесе макеттер әзірлеумен қатар, өз баяндамаңыздың мәтінін ойластыру керек.

5. Қаржыландыру, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Байқау жүлдегерлері облыстық білім басқармасының грамоталармен, алғыс хатымен және сыйлықтармен марапатталады.

6. Күтілетін нәтиже

- өз бетімен зерттеу жұмыстарын жасай білу;
- ғылыми және практикалық дағдыларды қалыптастыру.